

Б. Утарбай^{1*} , Р. Бекназаров² , Г. Кушкарова² 

¹Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі, Қазақстан, Ақтөбе қ.

²Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ.

*e-mail: utarbay96@mail.ru

АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІНІҢ НУМИЗМАТИКА КОЛЛЕКЦИЯСЫ: ТАРИХИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ШОЛУ

Мақалада алғаш рет Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің нумизматика коллекциясы негізінде қорда сақталған және экспозицияға қойылған антикалық дәуірден бастап қазіргі заманғы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік кезеңіне дейінгі металл монеталарға талдау жүргізіледі. Авторлар нумизматика коллекциясының қалыптасу тарихын егжей-тегжейлі сипаттай отырып, ежелгі Грекиядағы Сиракуз қаласы және Боспор патшалығы кезіндегі тиындары (б.з.б. III–II ғ.), Тан әулеті мен түргеш монеталары, Қырым хандығының тиындары, Ресей империясының және т.б. бірегей нумизматикалық монеталарға жете тоқталады. Этнографиялық материал ретінде шеткі жағынан тесілген күміс монеталар сөзсіз үлкен құндылыққа ие. Зерттеушілер мақалада қазақтардың мұндай монеталарды салттық мақсаттарда, сондай-ақ XIX–XX ғғ. ортасында әйелдер әшекейлерінің элементтері ретінде пайдаланғаны туралы дәлелдейді. Қазіргі тәжірибеде бала туылғаннан кейінгі қырық күн – «қырқынан шығару» салт-дәстүрлерінде монеталар мен күміс әшекейлер әлі күнге дейін күнделікті өмірде қолданылады. Тиындарды әйелдердің бұрымына тағатын әшекейі «шашбауға» бекіткен, сонымен қатар тақия және тұрмысқа шыққан кезде киетін «сәукеле» сынды бас киімдерге сәндік ретінде таққан. Жалпы, Ақтөбе музейінің нумизматика коллекциясына мұндай зерттеу алғаш рет өткізіліп отыр.

Түйін сөздер: нумизматика, коллекция, монета, музей қоры, зергерлік өнер, этнография, экспозиция.

B. Utarbay^{1*}, R. Beknazarov², G. Kushkarova²

¹Aktobe Regional Museum of Local History, Kazakhstan, Aktobe

²Aktobe regional University, Kazakhstan, Aktobe

*e-mail: utarbay96@mail.ru

Collection of numismatics of Aktobe Regional Museum of Local Lore: historical and ethnographic review

The article for the first time analyzes the metal coins stored in the fund of the Aktobe Regional Museum of Local Lore, starting from the ancient period and ending with the present. The authors describe in detail the history of the formation of the numismatic collection, dwell in detail on the unique Greek coins of the period of Syracuse and the Bosphorus (III-II centuries BC), also about the coins of the turgesh and Tang dynasty, tiyins of the Crimean Khanate, numismatic coins of the Russian Empire, etc. Of great value as an ethnographic material, are silver coins with through holes on the edge of the item. Researchers prove the use of such coins for ritual purposes, as well as as elements of women's jewelry by Kazakhs in the middle of the XIX – XX centuries: coins were attached to women's jewelry – “shashbau”, as well as to decorate headdresses such as takiya and wedding headdress “saukele”. The authors emphasize that coins and silver jewelry are still used in everyday life, for example, in the rituals of forty days after the birth of a child – “kyrkynan shygaru”. In general, such a study of the numismatic collection of the Aktobe Museum is carried out for the first time.

Key words: numismatics, collection, coin, museum fund, jewelry, ethnography, exposition.

Б. Утарбай^{1*}, Р. Бекназаров², Г. Кушкарлова²

¹Актюбинский областной историко-краеведческий музей, Казахстан, г. Актөбе

²Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Казахстан, г. Актөбе

*e-mail: utarbay96@mail.ru

Коллекция нумизматики Актюбинского областного историко-краеведческого музея: историко-этнографический обзор

В статье, на основе нумизматической коллекции Актюбинского областного историко-краеведческого музея, впервые проводится анализ хранимых в фонде и выставленных на экспозиции металлических монет, начиная с античного периода и завершая современностью – периодом независимости Республики Казахстан. Авторы подробно описывают историю формирования нумизматической коллекции, детально останавливаются на уникальных греческих монетах периода Сиракуз и Боспора (III–II в. до н.э.), также о монетах тюркешских и Танской династии, тиьнах Крымского ханства, нумизматических монетах Российской империи и т.д. Большую ценность в качестве этнографического материала, безусловно, представляют серебряные монеты со сквозными отверстиями с краю изделия. Исследователи доказывают в статье об использовании таких монет в ритуальных целях, а также в качестве элементов женских украшений казахами в середине XIX–XX вв. Современной практике в быту до сих пор используют монеты и серебряные украшения в ритуалах сорока дней после рождения ребенка – «кыркынан шыгару». Монеты же прикрепляли к женским накосным украшениям «шашбау», для украшения головных уборов, как такая и свадебного убора «саукеле». В целом, такое изучение с нумизматической коллекцией Актюбинского музея проводится впервые.

Ключевые слова: нумизматика, коллекция, монета, фонд музея, ювелирное искусство, этнография, экспозиция.

Кіріспе

Әр елдің халқы өз елдерінің тарихымен көбінесе тарихи кітаптар мен мақалалар арқылы танысады. Әрине, белгілі бір тарихи оқиғаны музей экспозициясы арқылы да білуге болады. Көп жағдайда сол экспозицияға көшірмелер және сақталу деңгейі жоғары экспонаттар қойылады. Ал түпнұсқалар арнайы жабдықталған музей қорында сақталады. Дегенмен оның ар жағында жалпы жұртқа беймәлім музей қорының керемет өз әлемі бар екені белгілі. Соның бірі, Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің нумизматика коллекциясын айтуға болады.

Материалдар мен әдістер

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің (одан әрі – АОТӨМ) нумизматика коллекциясына тарихи-этнографиялық шолу жұмысын жазуға заттай және жазбаша деректер музейдің экспозиция және қор материалдарынан алынды, монеталар сипаттамасы мен тарихын кеңінен ашу үшін интернет ресурстары қолданылды. Қазақтың зергерлік өнеріне байланысты мәліметтер Ш.Ж. Тоқтабаева еңбектерінен қарастырылып, нумизматика коллекциясының қазақ және жалпы этнографияға қатысы зерттелінді. Нумизматикалық және этнографиялық зерттеу барысында басшылыққа алғанымыз нақтылау және талдау әдістері болып табылады.

Ұсынылып отырған мақала нумизматгалымдар мен этнографтардың музей қорындағы жәдігерлерге қатысты тың деректермен танысуына жол ашады.

Нәтижелер мен талдаулар

Коллекция тарихы, статистикасы және хронологиялық шолу

Бұл коллекцияның жинақталу тарихы музейдің алғашқы директоры, 1929–1945 жылдар аралығында қызмет еткен Давид Трофимович Темушкомен тығыз байланысты. Белгілі өлкетанушы Рысжан Ілиясова «Қазына» атты еңбегінде: «Д. Темушко екі дорба медальдар, монеталар, тақырыпты белгілердің сан алуан түрлерін жинап, сақтаған екен. Бірақ тізімін (опись) кітапқа тіркемеппі. Темір, қағаз ақшалардың көбі Ресей патша өкіметінің үлесіне тиеді. Соғыс, жеңіс, түрлі көрмелерге, ескі қалалардың жасын білдіретін патшалардың дәуіріне, олардың таққа отыру рәсіміне түрлі медальдар мен монеталар, алтын, күміс, жоғары пробылы мыс, қола, қымбат металдар қоспаларынан жасалған қызмет белгілері, оның ішінде біздің өлкемізге тән уездің, болыстың, ауылдың басқарушыларының белгісі сақталған», – деп келтіреді.

Осы нумизматиканың бастауы музей қорына алғаш рет 1971 жылы № 681 есептік тіркеу, № 625 актпен 1970 жылғы 1 рубль «В.И. Ленин-

нің туғанына 100 жыл» мерейтойлық монетасы негізгі қорға ресми түрде құжатталып қабылданған. Сол кезден бүгінгі уақытқа дейін музей қорында 4317 дана монета сақталған екен. Оның негізгі қор түсімін 3479, қосымша қор түсімін 838 дана құрайды. Бұдан бөлек 24 дана Ұлттық музейге беріліп, 10 дана экспозицияға қойылған.

Соңғы үш жылда «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына байланысты музейде коллекциямен жұмыс қарқынды жүргізілуде. Музей қорындағы нумизматика коллекциясы мынадай топтамаларды біріктірген:

- 1) нумизматика (монета);
- 2) бонистика (банкнот және бондар);
- 3) фалеристика (медальдар, төсбелгілер, белгілер);
- 4) филателия (почта маркалары).

Бонистика топтамасында екі мыңнан аса қағаз ақша сақталған. Облыста бірнеше коллекционерлер өздерінің жинағандарынан музеймен бөліскен. 1971 жылы Алға қаласының тұрғыны М.И. Душевин 198 дана ақша мен түрлі ақша орнына жүретін төлем белгілерін тапсырған. Бұл топтама 1828–1949 жылдар аралығындағы көптеген шет елдердің тарихынан хабар беретін құнды коллекция болып есептеледі (Илиясова, 2001б:103). Қағаз ақшалар бірыңғай Ресей империясы, КСРО кезіндегі және Қазақстан банкноттарынан жинақталған. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары шыққан Қазақстан Республикасының банкноттарынан 10 данасы экспозицияға қойылған.

Фалеристика және филателия топтамаларының мыңнан аса данасы музей қорында сақталуда. 50-ге жуық данасы экспозициядан орын алған. Фалеристика топтамасының көп бөлігін Ұлы Отан соғысына қатысты және мерейтойлық орден-медальдар құрайды.

Қазіргі таңда нумизматика коллекциясының монета топтамасына инвентаризация жүргізілсе де, толыққанды ғылыми-зерттеу жұмыстары аяқталды деуге келмейді. Нумизматика коллекциясы хронология бойынша төрт кезеңге бөлінген:

- 1) Антика дәуірі монеталары;
- 2) Орта ғасыр монеталары: түргеш, Тан империясы, Қырым хандығы;
- 3) Жаңа заман монеталары: Ресей империясы, Еуропа елдерінің тиындары;
- 4) Қазіргі заман монеталары: КСРО елдері, Еуропа және басқа да мемлекеттердің тиындары.

Осы коллекцияның ең көнесі ежелгі Грекиядағы Сиракуз және Боспор патшалығы

кезіндегі тиындар. Музей нумизматикасы антика дәуірінен де қалыс емес. Сиракузда соғылған ежелгі грек монетасы (1-сурет). Құрамы қоладан құйылған және диаметрі – 25 мм. Музейдің тіркеу кітабындағы мәлімет бойынша Архимедтің (б.з.б. 287–212) кезінде қолданыста болған делінген. Сақталуы төмен деңгейде. Реставрацияны қажет етеді. Аверсінің жоғарғы бөлігінде жазу (анық көрінбейді) және ортада жанынан қарап тұрған бейне салынған. Реверсінде қалқаны мен найзасы бар атты жауынгер салынған. Төменінде «M|H» әріптері жазылған (АОТӨМ, НҚТ-5402). Бұл антика дәуірі монетасы алдағы уақытта зерттеуді қажет етеді.



1-сурет – Ежелгі Сиракуз тиыны. НҚТ-5402

Нақты сипаты анықталмаған б.з.б. II ғасырдағы Боспор патшалығының тиыны ғылыми-зерттеу жүргізетін жұмбақ жәдігердің бірі (2-сурет). Тиын қоладан жасалынған және диаметрі – 23 мм. Аверсінде сол жаққа қараған бұйра шашты, үлкен көзді ер адам бейнесі салынған. Шамасы сол кездің билеушісі болса керек. Негізінде сол жаққа қаратылған бейнемен шығатын тиындар өте сирек. Реверсінде екі аяғын көтерген ат үстінде найза ұстаған және желбіреген киімі бар жауынгер бейнеленген (АОТӨМ, НҚТ-5401). Тиынды құю жоғары шеберлікпен жасалынған, себебі аверс және реверстегі бейнелердің әрбір бөлігін шынайы көрсетуге тырысқан.



2-сурет – Боспор патшалығының тиыны. НҚТ-5401

Түргеш тиындарынан 128 данасы 2010 жылдың №30 қабылдау актісімен қорда сақталған (3-сурет). «Жайсан» кеден бақылау шекарасында кезекті тексеру барысында заңсыз тасымалданған монеталардың тәркіленуіне байланысты, мәдени және көркем өнер құндылықтарын ескере отырып, өзара келісім бойынша облыстық тарихи-өлкетану музейіне тапсырылған. Монета мыстан құйылған. Тиын соғу және көркемдік стилі сол кезеңнің қытай тиындарына өте ұқсас. Салмағы – 4 г, диаметрі – 15–24 мм арасында. Тиын ортасы шаршы болып тесілген. Шаршы шығыңқы жиекпен қоршалған (АОТӨМ, ҚҚТ-5762/1-128). Аверсінде соғды курсивімен «Вуу twrkys ү'ү'n рпу – Қасиетті Түргеш қағаны «пани» ақшасы» деп жазу басылған (<http://azretsultan.kz/t-rghesh-a-anatynymonetasy/>). Осындай он мың дана монета бір жылқының қақын құраған екен (<https://www.nbkr.kg/DOC/17052016/000000000042121.pdf>). Ал реверсінде түргештердің таңбасы түсірілген.



3-сурет – Түргеш тиындары. ҚҚТ-5762/1-128

Тан империясы «кайюань тунбао» монетасы музей қорында жалғыз бір дана болып сақталған (4-сурет). Аверсінде қытайдың төрт иероглифі (開元通寶) және ортасы шаршы етіп тесілген. Реверсі тегіс, жиегі айналдыра шығыңқы соғылған.

Ежелгі Қытай тиындары әлемге әйгілі. Олар ең алғашында қабыршақтарды (каури) тиын орнына пайдаланған екен. Тан династиясының негізгі айналымдағы монетасы болған. Монета бетіндегі иероглифтің аудармасы «айналымдағы құнды зат» немесе «басқарудың басындағы айналым монета» дегенді білдіреді. 4 иероглифті қытай тарихындағы атақты тұлғалардың бірі каллиграф Оуян Сюнь жазған (https://tftwiki.ru/wiki/Ancient_Chinese_coinage). Тан империясында «кайюань тунбао» монетасы барлық аймақтарында таралған. Қазақстанның ерте орта

ғасырдағы мемлекеттерінің (түргеш, қарлұқ) бұл тиындарды қайталауының себебі бар. Ұлы Жібек жолында бұл монеталардың өзіндік орны бар еді. Қытайлықтар өз тиындарын елден шығаруға тиым салған. Жетісу жеріндегі мемлекеттер сауда барысында мұндай тиындардың жетіспеу себебінен өздері соға бастаған. VIII ғасырда арабтардың оңтүстік аумақты жаулауы әсерінен монеталарда араб жазуы пайда бола бастайды (http://www.history.krsu.edu.kg/index.php?option=com_content&view=article&id=290%3A-----&catid=26%3A-&Itemid=58&limitstart=2).



4-сурет – Кайюань тунбао. НҚТ-5403

Жаңа заман монеталарының қорына көшетін болсақ, Ақтөбе өлкетану музейінде Ресейдің империя кезінен күні-бүгінге дейінгі монеталарының әр жылдарда шығарылған барлық нұсқалары жақсы сақталған. Бұл географиялық-экономикалық жағынан Ақтөбенің, жалпы Қазақ жерінің Ресей империясының ықпалында болуынан және Кеңес дәуірінде нумизматика, филателистика бағыттарында коллекционерлер қозғалысы кең дамуынан деп есептейміз. Солардың бірі 1730–1754 жылдар аралығында қолданыста болған полушка (1/4) (5-сурет). Диаметрі – 19,5 мм, салмағы 4,1 г құрайды. Мыстан құйылған. 1731 жылы Мәскеудегі Қызыл монета сарайында соғылған.

Монетаның аверсінде XVIII ғасырдың I жартысындағы Ресей империясының елтаңбасы (кеудесінде қалқан жоқ және Андреев орденінің лентасы жоқ) – қанаттары жайылған екі басты бүркіт, бастарында императорлық үш тәж бар, бүркіт бастарындағы тәж бірдей және олардың арасындағы тәж үлкенірек. Бүркіт табанында биліктің нышандары (таяқ-скипетр мен крест белгісі бар шар – держава) орналасқан (<https://www.russian-money.ru/coins/imperiya/anna-ioanovna/polushka-1731--4975>).

Монетаның реверсінде айналасында гүлді өрнегі бар қалқан бейнеленген. Қалқанның ортасында сопақша шеңберде үш жолда номиналы және соғылған жылы көрсетілген – «ПОЛУШКА 1731». Бұл монета Ресей империясында Анна Иоанновнаның билеген тұсына және Кіші жүздің Ресей ықпалына кіру уақытына тұспа-тұс келетін тарихи кезеңнің артефактісі (АОТӨМ, НҚТ-1082). Полушка деп ескі мыстан жасалынған тиынның төрттен біріне тең монетаны айтқан (Евгеньева, 1987б: 276). Тарихи жазба дереккөздерде «полуденга» деген атпен де кездеседі. Полушка XIV ғасырдың соңында күміс монета ретінде қолданысқа шыққан, кейініректе мыстан соғыла бастады (Гайдуков, 2006б: 4). Василий Дмитриевичтің тұсында Ұлы Мәскеу княздігінде, сондай-ақ Ростов және Новгород-Суздаль княздіктерінде соғыла бастады. I Петрдің ақша реформасы мыс полушканы 1/4 номиналды копейка ретінде енгізді. 1700–1810 және 1850–1866 жылдарда тиын бетіндегі номинал «полушка» деп жазылса, ал 1839–1846 және 1867–1916 жылдарда «1/4 копейка» деп жазылған (http://tomovl.ru/money_furs.html).



5-сурет – 1731 жылғы полушка. НҚТ-1082

Екатерина II тұсындағы 1763 жылғы Сестрорецк монета сарайында соғылған «5 копеек» құнды жәдігерлердің бірі (6-сурет). Ресей империясы кезіндегі тиындарға көз жүгіртсек, аверстерінде империяны билеген тұлғалардың бірінші әрпі үлкен болып, оның бірінші не екінші екені рим цифрымен басылған.

1777 жылы шығарылған Қырым хандығының соңғы ханы Шахин Герей тұсында Бахчисарай қаласында мыстан соғылған 10 акчесі музей қорының ерекше жәдігерінің бірі (7-сурет). Оның кезінде барлық монетаға хижра жыл санауымен 1191 жыл деп жазылған. Нағыз

жылын тек безендіру айырмашылықтарымен білуге болады. Аверсінде «Шахин Гирей бен Ахмед Гирей сұлтан» деп жазылған. Реверсінде «Бахчисарайда соғылған» және айналдыра 9 гүл, 9 жапырақпен әсемдеп қоршалған (http://cre-ounity.com/apps/time_machine/?go=shakhingiray.php&lang=ru).



6-сурет – 5 копеек, 1763 ж. НҚТ-1017



1-ханның билеген уақытында соғылған жылы, 2-Гирей әулетінің рулық белгісі, 3-билік етуінің алғашқы жылы.
7-сурет – 10 акче, 1777 ж. НҚТ-5400

Сонымен қатар, АОТӨМ қорындағы нумизматика коллекциясынан көптеген елдердің монеталарын кездестіруге болады. Мысалы, Африка материгінен Египеттің 1960–1966 жылы айналымда болған 5 миллим қорда сақталған (8-сурет). Құрамы аралас металл қоспасынан жасалынған. Аверсінде араб тілінде жоғарғы бөлігінде «Біріккен Араб Республикасы» (المتحدة العربية الجمهورية), ортада номиналы «5» (٥), төменгі бөлігінде «миллим» (مليمت) деп жазылған. «Миллим» сөзінің сол жағынан шыққан уақыты «1960» (١٩٦٠) және оң жағынан хижра жыл санауымен «1380» (١٣٨٠) деп жазылған. Реверсінде Египет елтаңбасы, төменгі бөлігінде «Біріккен Араб Республикасы» (المتحدة العربية الجمهورية) деп жазылған

(<https://ru.ucoin.net/coin/egypt-5-milliemes-1960-1966/?tid=501>).



8-сурет – 5 миллим, 1960 ж. НҚТ-5387

Монеталардың этнографиялық бағытта қолданылуы

Музей қорындағы монеталар арасында арнайы қолмен тесілген копейкалардың 7 данасы бар. Солардың бірі 1908 жылы II Николай кезінде Санкт-Петербург монета сарайында соғылған 10 копейкті айтуға болады (9-сурет). Құрамы күмістен жасалынған. Аверсінде екі жағынан жұлдызшамен қоршалған «10» деген номиналы берілген, оның үстінде Ресей империясының тәжі, номиналдың төменгі жағында «копеек» жазуы, шыққан уақыты «1908» және осыларды айналдыра лавр және емен жапырақтарымен безендірілген. Реверсінде Ресей империясының елтаңбасы салынған. Тиын жоғарғы шеткі бөлігінен тесілген (АОТӨМ, НҚТ-1140).



9-сурет – 5 копейк, 1908 ж. НҚТ-1140

Этнографиялық деректерге сүйенсек, қазақтармен қатар әлем халықтарының біразы тиынды киімге безендіру есебінде, зергерлік бұйымдарды жасауда да қолданғанын байқаймыз (Тоқтабаева, 1985). Мысалы, Африка арабтарының алқаларында тесілген тиынды кездестіруге болады. Араб түбегінің Вахиба шөліндегі бәдәуи әйелдері күміс, ағаш, бисер,

мата, тиыннан жасалған алқа тағады (<https://bellezza-storia.livejournal.com/372539.html>). Йемен еврей қалыңдықтарының басына киегін гаргуш інжу-маржан, моншақтармен қатар монеталармен де безендірілген (<https://www.yoair.com/ru/blog/the-rich-cultural-heritage-of-yemeni-jewellery>). «Зат өзіне ұқсас затты тартады» деген сенім де болған. Сол себепті тиындарды әшекейлерде қолдану болған. Көптеген халықтарда некелескен жас отаудың аяқ астына әл-ауқатты отбасы болсын деген ниетпен ұсақ тиындар тасталатын. Балқан түбегі елдерінде әйелдер монисто тағады. Монисто – көп қатарлы монеталар тізбегімен безендірілген алқа. Албанияда монисто – әйелдердің ұлттық киімінің бір бөлігі болып есептелген (https://www.alltime.ru/blog/?page=post&blog=watchblog&post_id=monetka-na-schaste-kak-privlech-dengi-i-blagopoluchie-s-pomoshchyu-ukr). Украин халықтарының XVIII–XX ғасырлардағы әшекейі дукачты айтуға болады. Дукач – медальон секілді үлкен тиыннан және тастармен безендірілген банттан тұратын украин әйелдерінің ұлттық киімінің бөлшегі. Дукачка мата немесе шынжыр өткізіп мойынға алқа етіп таққан (Пономарьов, 1994б: 131-132).

Қазақ халқы зергерлік бұйымдар жасауда тиындарды кәдеге жаратқанын көреміз. Материалдар ретінде, негізінен күмісті пайдаланған, бұйым қатты және берік болуы үшін сол күмістің мыспен, қалайымен шағын қоспаларын қолданған, өйткені таза күйіндегі күміс, алтын – өте жұмсақ металдар. Бай адамдар үшін алтын сирек қолданылатын, ал кедейлер үшін мысты пайдаланатын. Жергілікті жердің күмісімен қатар, Орта Азияның, Шығыс Түркістанның түрлі жәрмеңкелерінде сырттан тасымалданып әкелген күмістер қолданылған. Осы сияқты Ресейден әкелінген темір тиын құрамды бөліктер, салпыншақтар қолданылған немесе олар қайта кұйылып өңделген (Қожағұлов, 2017б:8).

Тиындарды шолпы, қамзол әшекейі, ақық салпыншақ, алқа, сырға, тұмарша, үкі аяқ сынды әшекейлерге пайдаланған. Әсіресе, әшекейлер бірін-бірі толықтыра келе өте жарасымды көрінетін қылып жасаған (ансамбль немесе комплект). Тойға арналған сырт киімдерге күміс теңгелер мен асыл тастар тағылып, лағыл көзді қапсырмалар қонымды жапсырылған. Көз қондырылған теңгелерден, асыл тастардан жасалған үзбелі моншақтардың тізбегінен тұратын алқа да өзінің ерекше тартымдылығымен көзге түскен. Шаш қыздың сұлулығын білдіріп, тіпті оның тартымдылығы

мен сымбаттылығының басты белгісі ретінде қабылданғанын білеміз. Сондықтанда, теңге шолпы мен шаш бұрымның ұшына ілінген. Бұлар көбінесе қос тоғыз теңгенің тізбегінен құралған. Теңгелер бір-біріне жоғарыдан төмен қарай жалғанады. Шашбау бір-біріне сым үзбелер арқылы жалғасатын, ортасына асыл тастардан көз тұрады. Шашбаудың ұшы сәнді шашақпен немесе күміс әшекеймен аяқталады. Шашбау шаш өрімнің түбіне бекітіліп, шашқа ұзына бойына түсіріледі. Мұнда салпыншақтар біріне-бірі төгіліп, шылдырлап, сыңғырлап, қыз бала жүрген кезде сүйкімді дыбыстар шығарып тұру үшін арналған. Сондықтан қазақта «сыңғырлаған күлкісіне сылдыраған шолпысы үн қосар» деген қанатты сөз де бар. Әйелдердің жасы ұлғайған сайын әшекейдің түр сипаты да өте қарапайымданады. Тіпті, келе-келе кілт немесе теңгемен алмастырыла салатын шолпы да, әйелдердің үнемі тағып жүретін әшекей саналады (Тоқтабаева, 1985б: 7).

АОТӨМ қорында ХХ ғасырдағы қозалы шашбау НҚТ-14675 тіркеу нөмірімен сақталған (10-сурет). Шашбаудың әшекейі мен тиыны ғана күмістен, сымдары металдан жасалынған. Қос өрім екі қатар сым үзбелер арқылы дөңгелек қос шығыршыққа бекітілген тиынның тізбегінен тұрады. Шашбаудың бір қатар сәнді әшекеймен аяқталған. Ұзындығы – 665 мм. Безендіруі түркімен зергерлік стиліне ұқсайды. Бұл қозалы шашбаудағы тиын сәнділікпен қатар, байланыстырғыш қызметін атқарып тұр. 1924 жылы шыққан 900 пробалы күмістен жасалынған номиналы «один полтинник» монетасы пайдаланылған. Полтинник деп «50 копейкті» халық арасында қолданатын атауы. Жоғарғы және төменгі жағынан тесілген. Диаметрі – 26 мм, салмағы 9 г құрайды. Ленинград монета сарайында шығарылған. Аверсінің ортасында Кеңес одағының елтаңбасы, оның екі жағына бөліп «СС» және «СР» деген жазу, оның астында «один полтинник» деп жазылған. Осы көріністі айналдыра «ВСЕХ СТРАН СОЕДИНЯЙТЕСЬ! ПРОЛЕТАРИИ» деп жазылып, кішкене нүктелермен жиегі безендірілген. Реверсінде темір ұстасының ірі балғамен жұмыс істеу сәті және оның артында соқа мен тісті дөңгелек жатыр. Жиектері ұсақ нүктелермен айналдыра безендірілген. Гуртында «ЧИСТОГО СЕРЕБРА 9 ГРАММ П•Л» деп жазылған.

Бұдан басқа «қазақтың зергерлік өнері» экспозициясында 1969 жылы қала тұрғыны Ж. Таужинбаева тапсырған НҚТ-48 тіркеу нөмірімен ерекше безендірілген күміс шолпы

(10-сурет) өзіне назарын аудартпай қоймайды (АОТӨМ, НҚТ-48). Шолпы үш тілімшеден тұрады: екі үшбұрыш және сопақша. Шолпы ұзындығы – 220 мм, ені – 60 мм. Әшекей бұйымның бөліктері әр түрлі пробалы күмістен жасалынған. Тілімше бетіндегі сары түсті безендіру металл қоспасынан тұрады. Ең жоғарғы бөлігі үш қатарлы сымнан басталып, үшбұрышты тілімшеге бекітіліп, одан бес қатарлы сыммен жалғасады. Соңғы бөлігі патша өкіметінің үш тиынымен аяқталады. Шылдырлаған дыбысты шығаратын бұл тиындар Николай II кезіндегі 1899 жылғы «50 копейк». Аталған монеталар 864 жылы салынған Париж монета сарайында соғылған (<https://www.russian-money.ru/coins/imperiya/nikolai-2/50-kopeek-1899--4501>). Аверсінде Ресей империясының елтаңбасы мен номиналы «1899» және шыққан жылы «1899» жазылған. Реверсінде Николай II солға қарап тұрған бейнесі және сол жақ бөлігінде – «Б.М. НИКОЛАЙ II ИМПЕРАТОР» деп жазылса, оң жақ бөлігінде – «И САМОДЕРЖЕЦ ВСЕРОСС.» деп жазылған. Аверс, реверс жиектері тісті өрнектермен толықтырылған. Тиындар қарая бастаған, алдағы уақытта реставрацияны қажет етеді. Тиындардың «Сылдырлатсаң тиынды, жоғалтарсың сыйынды», «Бойынды тік ұста» деген сияқты тәрбиелік мәні бар сөздерді әр уақытта еске салып, қыз баланың өзге жұрт алдында босаңсып кетпеуін қадағалайтындай.



10-сурет – Монета қосылған әшекейлер:
а) шашбау. НҚТ-14675; ә) Шолпы. НҚТ-48

Сипатталып отырған шашбау да, шолпы да шашқа тағылатын әшекей бұйымдар. Қазақ халқы шашқа ерекше мән берген. Шашты қиған

кезде жерге тастамай, керісінше жинап, жерге көметін немесе таза жерге жасырып қоятын. Халқымыздың өмірінде ислам діні маңызды рөл атқарады (Толеубаев, 2018). Шарифатымызда да шашқа қатысты «шашы бар адам шашын күтсін» деген хадис бар. Сондай-ақ хазірет Алидің (р.а.) айтуы бойынша, пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әйел баласына шашын тақырлап алып тастауына тыйым салған.

Қазіргі кезде батыс елдеріне еліктеп, өте қысқа шашты қара көз қарындастарымызды байқап жатамыз. Салт-дәстүріміз бен менталитетіміз шарифатпен байланысты болғандықтан, рухани даму біз үшін маңызды болып саналады. Музейдің 2012 жылы ашылған қыз тәрбиесіне қатысты «Шолпы» клубы білім ордаларындағы жас буын өкілдеріне рухани азық беріп, табысты еңбек етуде.

Айтып отырған монета тақырыбымыздың қазақ халқының дәстүріне де қатысы бар. Қазақ халқы тиынды нәрестені «қырқынан шығару» ғұрыпында пайдаланған. Қырқынан шығару рәсімдерін әйел адамдар өткізген. Нәрестенің алғашқы 40 күні «өтпелі кезең» болып саналған. Осы уақытта баланы жалғыз қалдырмай, күн ұзағына қасында адам болған. Тез ет алсын, шынықсын деген мақсатта тұзды суға шомылдырып отырған. Ұл баланы 37, 39 күндері қырқынан шығарған. Ұл бала физикалық тұрғыда тез дамуына байланысты 40 күн толмай жатып қырқынан шығарған. Қыз баланы қырық күн толғаннан кейін немесе қырық күннен асырып жұп күндері қырқынан шығару рәсімін орындаған (Өлімбаев, 2011б: 221). Алғашқы рәсімдерінің бірі – баланы шомылдыру. Шомылдыратын ыдыс түбіне күміс әшекейлер салынған. Содан кейін қырық қасық су құйған. Әр құйған сайын жақсы тілек айтып, бір күміс тиыннан салып отырған. Қазақ халқы ежелден күмістің адамға игі әсер ететін айрықша қасиеті бар деп білген. Күміс жүзік тағумен ғана шектелмей, нәрестені шомылдырғанда суға күміс теңге тастап: «Баланың күні күмістей жарық болсын», – деп жоралғы жасаған (Тоқтабаева, 1985б: 5). Ары қарай сүт тырнағын алу, қарын шашын алу ит көйлегін ауыстыру рәсімдерімен жалғасын тапқан. Қазіргі кезде қолданыста дәл күміс тиын болмағандықтан, құрамы нейзильберден болған 50, 20, 100 теңгелер шомылдыру рәсімінде қолданылады. Себебі бұл тиындардың сыртқы кейпі күміске ұқсас болып келеді.

Музей коллекция қорына оралсақ, Кеңес

уақытындағы монеталардың бірі – 1955 жылы шығарылған, құрамы мельхиордан құйылған 15 копеекті айтуға болады (11-сурет). Диаметрі – 19 мм. Салмағы – 2,7 г. Сақталуы нашар, реставрацияны қажет етеді. Аверсінде КСРО елтаңбасы (бидайға оратылған 16 лента (кеңестік республикалар саны), балға, орақ, жұлдызша) бейнеленіп, оның астына «СССР» деп жазылған. Реверсінде қысқартылған бұрышты шаршы қалқанда екі жолда номиналы «15 КОП» деп жазылған. Оның астында шыққан уақыты «1955» жазылып, жоғарғы бөлігінде қалқан артына майысқан бидай масағы және екі жақ шетінде емен бұтақтарымен безендірілген (АОТӨМ, НҚТ-1061).



11-сурет – 15 копеек, 1955 ж. НҚТ-1061

Тәуелсіздік алғаннан кейін алғашқы жылдары шыққан, құрамы мырыштан жасалынған 5, 20, 50 тиындар музей қорында жеткілікті сақталған (12-сурет). Тиындар 1993 жылы Өскемендегі теңге сарайында шығарылған. Аверсінде номиналдары жазылып, номиналды Ұлттық Банктің белгісімен қоршаған. Қоршаған белгі ішінде «ҚҰБ» деп жазылып, төменгі бөлігінде шыққан жылы «1993» жазылған. Реверсінде Қазақстан Республикасының елтаңбасы және оны айналдыра «Қазақстан Республикасы» деп жазылған.



12-сурет – 50 тиын, 1993 ж. ҚҚТ-3967/1-3

Қорытынды

Өкінішке орай, басқа коллекцияларға қарағанда, АОТӨМ қорындағы нумизматика коллекциясының тарихы мен жинақталуы туралы мәлімет аз деп айтуға болады. Музей архивтік құжаттарына сүйенсек, ғылыми-түгендеу және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен осы кезге дейін ешкім арнайы айналыспаған. Нумизматика коллекциясы қала тұрғындарының сыйға тапсыруы және мемлекеттік мекемелердің есебінен толыққан.

Тәуелсіздік алғанға дейін музей заттарын есепке алу және сақтау әр түрлі жағдайда болған. Өткен уақыттың кемшіліктері қазіргі күнде біліне бастады, мысалы, монеталарды есепке алу кітабында бағандарға толық ақпараттың жазылмауы (зат атауы, сипаттамасы, өлшемі, материалы, тапсырған иесі, салмағы), екінші есеп кітабында затты нөмірлеудегі қателіктер. Әрине, айтылған мәселелердің өзіндік себептері де бар: музей ісінің Қазақстанда толыққанды өз орнын таппауы, ғимараттың әр уақыттар сайын орын ауыстыруы, сақтау қоймалары мен қызметкерлерге жұмыс бөлмелерінің жетіспеуі және т.б. Музей қорындағы монеталардың көпшілігінің сақталу деңгейі де төмен. Алғашқы кездерде бір қорапта бірнеше монеталардың бірге орналасып, араларына арнайы қағаздардың салынбауы – монеталардың коррозияға ұшырауына әкеліп соқтырған. Коррозия көбінесе мыс тиындарда пайда болады. Музей заты есепке алынғаннан кейін, бірінші кезекте сақтау секторының мамандары заттың қандай жағдайда екенін анықтап, керек болған жағдайда, реставрация және консервация жұмыстары жүргізілуі керек. Бүгінгі таңда музей ісі саласында реставратор, консерватор және таксидермист сынды мамандардың тапшылығы айқын байқалады. Қазақстанда музей саласында мамандар қажеттілігі артып, 2004 жылдан Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығы ашылды. Бұл білім бағдарламасына магистратура және доктарантура оқу дәрежелері бар. Елімізде бұл салада маман дайындап шығатын 2 жоғары оқу орыны бар: Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.

Музей заттарымен жұмыс Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015

жылғы 7 желтоқсандағы № 372 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы музей қорының музей заттарын есепке алу, сақтау, пайдалану және есептен шығару нұсқаулығын бекіту туралы» заңына сәйкес жүргізілуі тиіс. Әр музейдің қор бөліміндегі тіркеу секторының затты есепке алу кезеңдерінде жауапкершілігі мен мұқияттылығы шешу рөлді атқарады. Музей заты туралы ақпараттың кемшілігі немесе дұрыс толтырылмауы өлке тарихына деген салғырттық. Жалпы, музей құжаттары ол – мұрағат. Сондықтан да қорларды ғылыми-зерттеу бөлімінде білікті де, тәжірибелі мамандардың болуы маңызды.

2018 жылы АОТӨМ-нің бұрынғы ғимараты апатты жағдайда болуына байланысты аумағы 4275 м² жаңа зәулім ғимаратқа көшірілді. Оның 404 м² қазіргі талапқа сәйкес жабдықталған кәсіби қор сақтау бөлмелеріне арналған. Енді жәдігерлер бір қоймада емес, экспонат қабылдау бөлмесі мен әр коллекцияға: археология, табиғи-биологиялық заттар, этнография, тұрмыстық металл мен радиотехника, көркемсурет өнері, фото-құжат, құнды бұйымдар деп арнайы бөлмелерде сақталуда.

2018 жылдан басталған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы негізінде музей қорындағы әр коллекцияны цифрландыру нақты қолға алынып, осы негізде коллекциямен жұмыс жүргізілуде. Нумизматика коллекциясын ғылыми-инвентаризациялау толыққанды жүргізіліп және электронды түрі жасалса, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы бойынша 90 %-ы біткен боп есептеледі. Осы мақсатта мамандар қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді: арнайы суретке түсіру бөлмесі және жоғары сапалы фотоаппараттар, мәліметтерді сақтайтын сервер, әр коллекция бойынша қажетті заттар.

Алдағы уақытта монеталар реставрацияланса, ғылыми-инвентаризация жұмысы соңына дейін жеткізілсе, цифрландыру түбегейлі бітеді. Аталған мәселелер тек нумизматика коллекциясын емес, барлық музей қоры коллекцияларын қамтиды. Әрине, бұл аз уақытта бітетін іс емес. Әр істің жоспары, жүйесі және тұрақтылығы болса, өз мәресін көрері сөзсіз.

Мақала «AP08856108 «Материалдық емес мұра теориясы контекстіндегі отбасылық әдет-ғұрыптың орны (Батыс Қазақстан мысалында)» атты гранттық жоба негізінде жазылды.

Әдебиеттер

- Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қоры. НҚТ-48
Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қоры. НҚТ-1061
Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қоры. НҚТ-1082
Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қоры. НҚТ-1140
Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қоры. НҚТ-5401
Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қоры. НҚТ-5402
Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қоры. ҚҚТ-5762/1-128
Әлімбаев Н. (2011). Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 4-том. Алматы: Б. о. ж. 736 б.
Богатое культурное наследие йеменских украшений. <https://www.yoair.com/ru/blog/the-rich-cultural-heritage-of-yemeni-jewellery/> 27.01.2022
Большечеммонеты. Немыехранители истории – фельсы и дирхемы. <https://www.nbkr.kg/DOC/17052016/000000000042121.pdf> 17.01.2022
Денежная система, монеты на Руси в XV – XVI вв. http://tomovl.ru/money_furs.html 25.10.2021 29.01.2022
Древние китайские монеты – Ancient Chinese coinage. https://tftwiki.ru/wiki/Ancient_Chinese_coinage 15.10.2021
Евгеньева А. П. (1987). Словарь русского языка: В 4-х т./АН СССР.– 3-е изд., стереотип. Москва: Русский язык. 752 с.
Египет 5 миллим, 1960-1966. <https://ru.ucoin.net/coin/egypt-5-millimes-1960-1966/?tid=501> 29.02.2022
Гайдуков П. Г. (2006). Русские полуденги, четвертьцы и полушки XIV-XVII вв. Москва: Палеограф. 160 с.
Камышев А.М. Монеты Китая из Кыргызстана – Страница 3. http://www.history.krsu.edu.kg/index.php?option=com_content&view=article&id=290%3A-----&catid=26%3A-&Itemid=58&limitstart=2 06.12.2021
Қожағұлов Т. М. Әденова Л. Ж. Атамқұлов Б. А. (2017). Зергерлік өнер әлемі. Алматы: Қазақпарат. 456 б.
Монетка на счастье: как привлечь деньги и благополучие с помощью украшений. [https://www.alltime.ru/blog/?page=posts&blog=watchblog&post_id=monetka-na-schaste-kak-privlech-dengi-i-blagopoluchie-s-pomoshchyu-ukr](https://www.alltime.ru/blog/?page=posts&blog=watchblog&post_id=monetka-na-schaste-kak-privlech-dengi-i-blagopoluchie-s-pomoshchyu-ukr-28.01.2022) 28.01.2022
Полушка 1731 года. Разновидности монеты, цена. <https://www.russian-money.ru/coins/imperiya/anna-ioannovna/polushka-1731--4975> 30.01.2022
Пономарьов А. (1994). Українська мінувшина. Ілюстрований етнографічний довідник. 2-е вид. Киев: Либідь. 256 с.
Тоқтабаева Ш. Ж. (1985). Қазақтың зергерлік әшекейлері. Алматы: Өнер. 153 б.
Толубаев А. Т. (2018). Казахское древнее поверие как основа национальной духовности. КазҰУ Хабаршысы. Тарих Сериясы. №4, 4-8 б.
Түргеш қағанатының монетасы. <http://azretsultan.kz/t-rgesh-a-anatyny-monetasy/> 15.01.2022
Украшения из монет в истории и в моде – о монистах, брактеатах, дукачах, деньгах и о Belly dance. <https://bellezza-storia.livejournal.com/372539.html> 30.01.2022
Шахин Гирей (последний хан Крыма). Хан и система монетных номиналов. http://creounity.com/apps/time_machine/?go=shakhingiray.php&lang=ru 28.01.2022
Лиясова Р. (2001). Қазына. Алматы: Зерде. 312 б.
50 копеек 1899 года (АГ). Описание и стоимость. <https://www.russian-money.ru/coins/imperiya/nikolai-2/50-kopeek-1899--4501> 08.02.2022

References

- Aktobe oblystyq tarıhı-olketanu muzei qory. NKT-48
Aktobe oblystyq tarıhı-olketanu muzei qory. NKT-1061
Aktobe oblystyq tarıhı-olketanu muzei qory. NKT-1082
Aktobe oblystyq tarıhı-olketanu muzei qory. NKT-1140
Aktobe oblystyq tarıhı-olketanu muzei qory. NKT-5401
Aktobe oblystyq tarıhı-olketanu muzei qory. NKT-5402
Aktobe oblystyq tarıhı-olketanu muzei qory. KKT-5762/1-128
Alimbaj N. (2011). Kazaktyn etnografıhalyk kategorıjalar, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі [The traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names]. Encyclopedia. Volume 4 Almaty: B. o. y. 736 p.
Bogatoe kul'turnoe nasledie jemenskih ukrashenij [Rich cultural heritage of Yemeni ornaments]. <https://www.yoair.com/ru/blog/the-rich-cultural-heritage-of-yemeni-jewellery/> 27.01.2022
Bol'she chem monety. Nemye hraniteli istorii – fel'sy i dirhemy [More than coins. Dumb custodians of history – fels and dirhams]. <https://www.nbkr.kg/DOC/17052016/000000000042121.pdf> 17.01.2022
Denezhnaja sistema, monety na Rusi v XV – XVI vv [Monetary system, coins in Russia in the XV – XVI centuries]. http://tomovl.ru/money_furs.html 25.10.2021 29.01.2022
Drevnie kitajskie monety [Ancient Chinese coinage]. https://tftwiki.ru/wiki/Ancient_Chinese_coinage 15.10.2021
Evgen'eva A. P. (1987). Slovar' russkogo jazyka: V 4-h t. [Dictionary of the Russian language: in 4 B]. / AS USSR.– 3rd ed., Stereotype. Moscow: Russian language. 752 p.
Egıpet 5 millim, 1960-1966 [Egypt 5 millimes-1960-1966]. <https://ru.ucoin.net/coin/egypt-5-millimes-1960-1966/?tid=501> 29.02.2022

Gajdukov P. G. (2006). Russkie poludengi, chetveretcy i polushki XIV-XVII vv. [Russian semicircles, quadruplets and semi-circles XIV-XVII centuries]. Moscow: Paleograph. 160 p.

Kamyshev A.M. Monety Kitaja iz Kyrgyzstana [Coins of China from Kyrgyzstan]. – P 3. http://www.history.krsu.edu.kg/index.php?option=com_content&view=article&id=290%3A-----&catid=26%3A-&Itemid=58&limitstart=2 06.12.2021

Kozhagulov T. M. Adenova L. Zh. Atamkulov B. A. (2017). Zergerlik oner alemi [The world of jewelry]. Almaty: Kazinform. 456 p.

Monetka na schast'e: kak privilech' den'gi i blagopoluchie s pomoshh'ju ukrashenij [Coin for happiness: how to attract money and prosperity with the help of decorations]. https://www.alltime.ru/blog/?page=post&blog=watchblog&post_id=monetka-naschaste-kak-privlech-dengi-i-blagopoluchie-s-pomoshchyu-ukr 28.01.2022

Polushka 1731 goda. Raznovidnosti monety, cena [Polushka of year 1731. Diversity of coins, price]. <https://www.russian-money.ru/coins/imperiya/anna-ioannovna/polushka-1731--4975> 30.01.2022

Ponomar'ov A. (1994). Ukraïns'ka minuvshina. Iljistrovanij etnografichnij dovidnik [Ukrainian minuvshina. Illustrations of ethnographic herald]. 2nd ed. Kiev: Libid'. 256 p.

Toleubaev A. T. (2018). Kazahskoe drevnee povere kak osnova nacionalnoi duhovnosti. [Kazakh ancient belief as the basis of national spirituality]. Kazyu Habarshysy.Tarih Seriasy. №4, 4-8 b

Toktabayeva Sh. Zh. (1985). Kazaktyn zergerlik ashekejleri [Kazakh jewelry]. Almaty: Art. 153 p.

Tyrghesh qaganatynyn monetasy [Coin of Turgesh khanate]. <http://azretsultan.kz/t-rgesh-a-anatyny-monetasy/> 15.01.2022

Ukrasheniya iz monet v istorii i v mode – o monistah, brakteatah, dukachah, den'gah i o Belly dance [Coin decorations in history and in fashion – about monists, brakteats, ducats, money and about Belly dance]. <https://bellezza-storia.livejournal.com/372539.html> 30.01.2022

Shahin Girej (poslednij han Kryma). Han i sistema monetnyh nominalov [Shahin Girey (the last khan of Crimea). Khan and the system of coin denominations]. http://creounity.com/apps/time_machine/?go=shakhingiray.php&lang=ru 28.01.2022

Ilijasova R. (2001). Kazyna [Treasure]. Almaty: Zerde. 312 p.

50 kopeek 1899 goda (AG). Opisanie i stoimost' [50 kopecks 1899 (AG). Description and cost]. <https://www.russian-money.ru/coins/imperiya/nikolai-2/50-kopeek-1899--4501> 08.02.2022